

Қазақстан бойынша Халықаралық қазақ-түрік университетінде ғана Түркия тарапынан бөлінген білім гранттары негізінде тегін білім алуға мүмкіндік бар.

Алғашында студенттерден топ құрып үйрете бастадым. Ұл-қыздарым да үйренді. Балаларды алып жарысқа кететінмін.



Университеттің басты даму бағыттарының бірі – университет қалашығын көгалдандыру. Биыл да ерте көктемнен бастап, абаттандыру жұмыстарын жалғастыратын боламыз.

БАСҚАЛАРДЫ ҮЙРЕТЕ ЖҮРІП БІЗ ӨЗІМІЗ ҮЙРЕНЕМІЗ

# Ясауи университеті

УНИВЕРСИТЕТ  
СТУДЕНТТЕРІНІҢ  
ҮНІ

e-mail: a.yassau@mail.ru

№1 (428) 15 ҚАҢТАР 2017 ЖЫЛ

## ҚОШ КЕЛДІҢ, EXPO ЖЫЛЫ!

УНИВЕРСИТЕТІМІЗДІҢ ӘЛЕУЕТІН КӨРСЕТУГЕ ЗОР МҮМКІНДІК ТУДЫ

**EXPO 2017**  
• Future Energy •  
Astana Kazakhstan

EXPO-2017 көрмесінің «Болашақтың энергиясы» тақырыбы ең үздік әлемдік энергия сақтау технологиясын, күн, жел, теңіз, мұхит және термалды су тәрізді бүгінде бар баламалы энергия көздерін пайдалануда жаңа әзірлемелер мен технологияны пайдалануға мүмкіндік береді. Астана осы саладағы ең үздік әлемдік әзірлемелер мен трендтер көрсету үшін тиімді алаңға айналуы мүмкін. Көрме сондай-ақ елдің өндірістік қуаты мен ғылыми базасын технологиялық жаңғырту және экономиканы жүйелі әртараптандыру үшін қуатты серпін береді.

## АУҚЫМДЫ МӘСЕЛЕЛЕР ҚАРАЛДЫ



Жуырда Ахмет Ясауи университеті Мәдениет Орталығының кіші залында №3 Сенат мәжілісі өтті. Мәжіліске Сенат мүшелері, кафедра меңгерушілері, құрылымдық бөлім басшылары мен күн тәртібіне қатысы бар қызметкерлер қатысты.

Оқу-әдістемелік ісі жөніндегі вице-президент Б.Ахметов, I вице-президент М.Куталмыш ұжымды Жаңа жылмен құттықтап, игі тілектерін білдірді.

2016 жылды қорытындылаған Сенат дәстүрлі марапаттаудан басталды. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің «Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін» төс белгісімен «Акушерлік іс және гинекология»

кафедрасының меңгерушісі, Р.Нурхасимова, Шымкент медицина институтының директоры Р.Бектұрғанов, Медицина ғылыми-зерттеу институты директорының орынбасары, У.Жұмабаев марапатталды.

Сондай-ақ, басшылар «Өнер» факультеті «Дене тәрбиесі» кафедрасының аға оқытушысы, PhD Б. Омаровты, «Жаратылыстану» факультеті «Экология және химия» кафедрасының доценті, Г. Жылысбаеваны,

«Өнер» факультеті «Орындаушылық өнер» кафедрасының доценті міндетін атқарушы Р.Сыздықованы, «Әлеуметтік ғылымдар» факультеті «Экономика» кафедрасының профессоры С. Ыдырысты «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» Мемлекеттік грант иегері атануымен құттықтады.

Университеттің өндірістік-шаруашылық ісі жөніндегі вице-президенті Н.Батырбаев «2016 жылғы университеттің материалды-техникалық, шаруашылық және қаржылық қызметтерінің қорытындысы және 2017 жылға арналған қаржылық жұмыстарды жоспарлау, бекіту мәселесі туралы» баяндама жасады. Университеттің материалдық-техникалық базасының көрсеткіштері, жердің аумағы, атқарылған іс-шаралардың түрлері, бөлінген ағымдағы қаржылар жөнінде есеп берді.

«Еуразия» ғылыми-зерттеу институтының директоры Н.Шимшек 2014-2016 оқу жылдары аралығында атқарылған істері жөнінде ауқымды есеп берді.

Сондай-ақ, университет Ережелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу, бекіту, «Түркология» ғылыми-зерттеу институтының Ережесі, «Бүгінгі түркология: өзекті мәселелері мен алдағы міндеттері атты ғылыми семинар Ережесін бекіту, қолдануға жарамсыз, тозығы жеткен, автокөліктерді университет қызметкерлері мен жұмысшыларына қалдық бағамен сату мәселесі, академиялық мәселелер бойынша, 31 мамандыққа лицензия алу жөнінде ҚР БҒМ ұсыныс жіберу сияқты әртүрлі мәселелер қаралды.

Сонымен қатар, баспаға ұсынатын университет ОПК-ның дайындаған оқулық, оқу құралы мен монографияларын, Докторанттар мен магистранттардың диссертациялық тақырыптарына өзгерістер енгізу және бекіту мәселесі қаралып бекітілді.

Б.ОСПАНОВА  
Ақпарат орталығы

ОҚИТЫНДАРЫҢЫЗ:



## 02 УНИВЕРСИТЕТТІҢ ТАРИХИ ФОТОШЕЖІРЕСІ

Альбомда оқу ордамыздың ширек ғасырдағы құрылу тарихы мен даму белестері фото суреттермен баяндалған. Басылымда білім шаңырағының кемелдену жолында еңбек еткен оқу орны басшылары, оқытушы-профессорлары және қызметкерлерінің жемісті еңбектерінің тарихи суреттері енгізілген.



## 03 ӨТКЕН ЖЫЛҒА ӨКПЕ ЖОҚ

Бұл жетістіктердің басты мақсаты университетімізде білімгер жастарды салауатты өмір салтын ұстануға, дені сау жас етіп тәрбиелеуге бағытталған жұмыстың нәтижесі деуге болады.

## ТӘРТІП - БАСТЫ ТАЛАП

Таяуда университеттің «Академик М.Жұрынов» атындағы Сенат залында Тәрбие Кеңесінің кезекті отырысы өтті. Кеңеске Ұйымдастыру және тәрбие істері жөніндегі вице-президент, профессор Б.Мұхамеджанов, Тәрбие және мәдени істер департаменті директоры Л.Есентаева, факультет декандарының тәрбие жөніндегі орынбасарлары және өзге де кеңес мүшелері қатысты.

Жиынды бастамас бұрын вице-президент Б.Мұхамеджанов және студенттер үйі дирекциясының директоры, профессор Ә.Садықов өнерлерімен танылып жүрген бір топ студент жастарға облыс және университет басшылығының марапаттарын табыстады.

Оқу орнындағы тәрбие мәселелері төңірегінде кеңесуді мақсат тұтқан бұл жиынның күн тәртібі бойынша Ақпарат орталығының басшысы А.Сәдібеков орталықта атқарылған жұмыстардың бір жылдық есебін берді. Мұнан әрі департамент маманы Н.Исаев университет жатақханаларындағы тәртіп мәселелері турасында ақпарат берді.

Сондай-ақ, университеттің ішкі тәртібі мен мерекелік күндердегі демалыстарға орай жатақханаларда кезекшіліктерді ұйымдастыру және тағы басқа өзге де мәселелер төңірінде пікір алмасты.


Ақпарат орталығы.



## АҚПАРАТТАР АҒЫНЫ

\* Бір тақырыпқа үш мақала

## УНИВЕРСИТЕТТІҢ ТАРИХИ ФОТОШЕЖІРЕСІ



Ел Тәуелсіздігі мен оқу ордамыздың 25 жылдығы қатар тойланды. Мерейлі мерекеге арнап университетте фото альбом шығарылды. Құрастырған ақпарат орталығының басшысы Асхат Сәдібеков. Аталмыш фотоальбом университеттің 25 жылдығына арналған тарихи фотошежіре. Альбомда оқу ордамыздың ширек ғасырдағы құрылу тарихы мен даму белестері фото суреттермен баяндалған. Басылымда білім шаңырағының кемелдену жолында еңбек еткен оқу орны басшылары, оқытушы-профессорлары және қызметкерлерінің жемісті еңбектерінің тарихи суреттері енгізілген. Келбеті көз тартатын оқу ордасының құрылған сәтінен бастап, қазіргі келбеттері бейнеленген. Оқу орнына арнайы ат басын бұрған туыстас екі мемлекеттің басшылары, мен мәртебелі меймандардың университетке жасаған сапары жайлы естелік суреттер жинақталып берілген. Тарих тұңғығынан сыр шертетін сырлы суреттер оқырман көңілінен шықты.

ЯУ-ақпарат

## ҚҰНДЫ ЕҢБЕК

енгізген.

Мұндайда айрықша еске салатын нәрсе, бұл өлке ақын-жырауларының шығармаларын жинап, зерттеу жасағанда бұрын көбіне осы аймақтағы Қармақшы, Жалағаш, Сырдария аудандары төңірегінде өмір сүрген дарынды бабалар жайлы кең көлемде сөз қозғалатын. Мына зерттеу еңбекте соған қоса Қазалы, Арал аудандары аймағында ғұмыр кешкен, жиырмадан астам жергілікті ақындардың шығармалары жаңадан қамтылып, солардың он беске жуығының жасаған рухани мұраларына шынайылықпен талдау жасалыныпты.

Т.Еңсегенұлы зерттеуге алған барлық ақын-жыраулардың шығармаларын жүйелеп талдау жасаған. Табиғат дарынды етіп жаратқан жүзден астам Сыр бойы ақын-жырауларының рухани мұраларын іздеп тауып, жинап, әрқайсысын жеке-жеке зерттеп, ғылыми негізде бағасын берген. Автор аталмыш кітапты өз қаржысына шығарыпты.

Профессор Тоқболат Еңсегенұлы бұл зерттеу еңбек жайлы айтпақ ойының түйінін: «Сыр бойы ақын-жыраулары:

— дәуір шындығын жырлауда эстетикалық талғам биігінен танылып, мәңгі тозбайтын мол мұралар жасады

— өлең, дастандарды өнер аспабымен толғап туындатып, тың мақамдарды дүниеге әкелді;

— Қорқыт ата сарының жалғастырып, философиялық жырлар арнасын кеңейтті. Жазба айтыстың бірнеше түрлерін өмірге енгізді;

— Сыр сүлейлерінің рухани мұралары ұлттық құндылықтардың гауһарына айналды;


— Тұңғыш рет толымды түрде зерттелініп, ғылыми бағасы берілді», — деп зерттеу еңбектің алғашқы бетіне арнайы беріпті.

Автордың осы жинақтап айтқан қорытынды тұжырымдары ұзақ зерттеуден туған маңызды еңбек.

Жақында филология ғылымдарының докторы, профессор Тоқболат Еңсегенұлының «Сыр бойы ақын-жыраулары, олар жасаған шығармалар ерекшелігі» (Алматы: «Тоғанай Т», 2016) атты ғылыми-зерттеу жұмысы жарыққа шықты.

Бұл еңбекті жазуда автор осы өлкеде ғұмыр кешкен жүзден астам ақын-жыраулардың шығармаларын жинастырып алыпты. Солардың бір сыпырасының жазған өлеңдері аздап табылғанымен аты-жөні, өмірбаяны, әсіресе, туылған жылы, тұрған жері жайлы нақтылық жетіспеген. Бір-екі ақынның шығармалары өзге ауысып кеткен сияқты. Нәтижесінде, автор жиырмадан астам ақын-жыраулардың есімін айқындап атап, қырыққа жуық шайырлардың жасаған мұраларына арнайы шолу жасаған, 45 ақын-жыраулардың шығармаларына ғылыми тұрғыда талдау жасап, осы еңбекке

## ЖАҢА ЖИНАҚ ОҚЫРМАНҒА ЖОЛ ТАРТТЫ



«Түркістан өңіріндегі тарихи-мәдени ескерткіштер» атты жаңа деректі тарихи-танымдық альбом-жинақ жарық көрді.

Аса құнды бұл анықтамалық жинақта Түркістан өңіріндегі археологиялық зерттеулер нәтижесінде табылған тарихи-мәдени, ортағасырлық сәулет-құрылыс және діни-рухани ескерткіштері мен XIX-XX ғасырлардан жеткен жаңа заман құрылыстары жайлы анықтамалық мағлұмат берілген. Жинақта ескерткіштің орналасқан жері, уақыты, типологиялық ерекшелігі, жер көлемі, ғылыми зерттелуі, қысқаша тарихы, қазіргі кезде пайдаланылуы және басқа да мәліметтерді қамтыған.

Тұңғыш рет «Әзірет Сұлтан» қорық-музейі қызметкерлері еңбегімен жарық көрген атаулы жинақ, музей саласында, Түркістан өңірін танытуға зор үлес қосары сөзсіз әрі ғылыми ортадағы үлкен жаңалық болатыны айқын.

«Әзірет Сұлтан» қорық-музейінің баспасөз қызметі

## КІТАП — АҚЫЛДЫ ҚУАТТАНДЫРАТЫН ҚҰРАЛ

Ғалымдар кітап оқыған адамның өзгелерге қарағанда ұзақ өмір сүретінін дәлелдеді. Кітап оқу ой мен қиялды дамытып қана қоймай, адамның өмір жасын ұзартатынын анықтады. Йель университетінің қоғам денсаулығы мектебінде «Кітап оқудың адам өмірінің ұзақтығына әсері» тақырыбындағы көлемді зерттеу жұмыстары жүргізілді.

12 жылға созылған зерттеуге 3,6 мың ересек ер мен әйел қатысты. Оның ішінде кітапқұмарлар да, құмар еместер де бар.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, үнемі кітап оқитын жандар оқымайтындармен салыстырғанда шамамен екі жылға артық өмір сүреді екен. Ал аптасына 3,5 сағат не одан да көп уақытын оқуға арнайтын зейнеткерлердің басқа егде адамдармен салыстырғандағы өмірмен қоштасу қаупі алдағы 12 жылға шаққанда 20%-ға төмен.

— «Күніне жарты сағат уақытыңызды оқуға арнасаңыз, ұзақ өмір сүруге мүмкіншілігіңіз молая-

ды», — дейді зерттеушілердің бірі, профессор Бекка Р.Левин.

Ең қызығы да сол, мұндай «кітап терапиясы» адам талғамайды. Яғни адамның табысына, мамандығына, отбасылық жағдайына, нәсілі мен өмірге разы не разы еместігіне қарамастан, баршаға бірдей әсер етеді. Адамның өмір жасын ұзартатын оқу түрі — кітап оқу. Газет пен журналды таңдаған жандардың көрсеткен нәтижелері аса жақсы емес.

Жалпы, оқу — күйзеліс пен күнделікті тұрмыс машақатынан арылтатын ең тиімді тәсіл. Оқу арқылы адамның миы ұзақ уақыт

бойы қартаймайды, мидағы жүйке байланыстары артып, сол арқылы ақылға ақыл қосылады. Кітап оқуды әдетке айналдыру — кәріліктің және Альцгеймер ауруын алдын алады. Ол депрессиямен күресуге көмектесіп, адамның шығармашылық қабілеті мен әлеуметтік бейімділіктерін жақсартады.

Кітап оқудың пайдасы бұрыннан белгілі. Алайда тек Йель университеті ғалымдары ғана алғаш рет оның адам өмірінің ұзақтығына оң әсерін дәлелдей алды.

Нағыз жыл жаңалығы деп осыны айт! Кітап оқиық, ағайын!

Stan.kz

## ШЫРШАЛАР САЙЫСЫ ӨТТІ



Университетіміздің Ғылыми кітапханасы жаңа жылдық шыршалар сайысын ұйымдастырды. Әр бөлім өзіндік қайталанбас шыршалар құрастырды. Кітаптан, газет-журналдардан, шардан және киім ілгіштен жасалынып безендірілген шыршаларды көргенде таңданбай қалмайсың. Киім ілгіш қызметкерлері Гүлжан Жүсіпбекова мен Баян Бейсенбаеваның киім ілгіштен жасаған шыршасы үздік деп табылып, мақтау қағазымен марапатталды. Қиялы ұшқыр кітапхана қызметкерлері оқырмандарға көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

Айгүл ҚАМБАРОВА  
Библиограф

## ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



Жуырда Шымкент қаласында 2016 жылдың әр сала бойынша үздіктерін марапаттау шарасы өтті. 52 аталым бойынша таңдалған «Жыл үздіктерін» облыс әкімі Жансейіт Түймебаев құттықтады. «Жылдың үздік композиторы» номинациясына университеттің продюсерлік орталығының директоры - Әлімбай Түгелбайұлы Ботақараев ие болды. Облыстық мәдениет саласын дамытуға ерекше үлес қосқаны үшін өңір басшысының марапатына ие болған әріптесімізді құттықтаймыз.



## УНИВЕРСИТЕТ ТЫНЫСЫ

## ӨТКЕН ЖЫЛҒА ӨКПЕ ЖОҚ

Университетімізде білім алатын жастар, ертеңгі елдің тізгін ұстарлары. Тәрбие мен білім қатар жүрген ел қашан да биік белестерді бағындырары анық. Бүгінгі таңда оқу орын басшылығы осы бағытта күндіз-түні талмай еңбек етуді басты назарда ұстап келеді. Нәтижесі де жоқ емес. Қазіргі таңда осынау игілікті істердің тиімді ұйымдастырылуы нәтижесінде университет студенттері үлкен жетістіктерді бағындырып жүр. Өткен мешін жылы университетіміздің өнерпаз жастары үшін табысты жыл болды деп айта аламыз.

Бүгінгі таңда біздің өнерпаздар XII Ұлттық жастар Дельфий ойындарының облыстық байқауында Эстрадалық ән бойынша «Пэрте» триосы 2-орынға ие болды. Ал, ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған Ш.Қалдаяқов атындағы «Менің Қазақстаным» облыстық ән байқауында «Асу» дуэті лауреат атанып және «Пэрте» триосы 3-орынға ие болды. Сондай-ақ, Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай «Қуатты өңір-қуатты Қазақстан» Оңтүстік Қазақстан облысының Астана қаласындағы күндері аясында өткізілген мәдени іс-шараларға белсене қатысып, үздік өнер көрсеткендері үшін «Асу» дуэті және «Пэрте» триосы облыс әкімі Ж.Түймебаевтың Алғыс хатымен марапатталды.

Мұнан өзге, «Жастар ресурстық орталығы» КММ ұйымдастыруымен Шымкент қаласында ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығы аясында XII Ұлттық жастар Дельфий ойындарының облыстық байқауы өткен болатын. Аталған байқаудың «Театр ұжымы» номинациясы бойынша университеттің «Актерлік өнер» мамандығының талантты студент жастары I-орын иегері атанды. Ал, Ақмола облысы, Степногорск қаласында өткен Ұлттық жастар Дельфий ойындарының Республикалық байқауында Өнер факультетінің студенттері: Құрметжан Ербақ, Батталов Асылжан, Шаймахан Бағдәулет, Өшірбаева Ұлдана, Рахымжанова Мадина 2-орын иеленіп медальдармен марапатталды. Университетіміздің Тәрбие және мәдени істер департаменті, Продюсерлік орталық ұжымы мен Өнер факультетінің ұстаздары осынау жемістің бапкерлері деуге болады.

Ал, спорт саласы бойынша да ауыз толтырып айтарлықтай жеңістеріміз бар. Бұл жетістіктердің басты мақсаты университетімізде білімгер жастарды салауатты өмір салтын ұстануға, дені сау жас етіп тәрбиелеуге бағытталған жұмыстың нәтижесі деуге болады. Студенттердің салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында, университетімізде спорт клуб жұмыс жасайды. Мұнда спорттың 13 түрі бойынша спорттық секция жұмыс істейді. Оған 700-ге жуық студенттер қатысады. Оларға дзюдо (ерлер, қыздар), қазақша күрес, самбо, еркін күрес, баскетбол (ерлер, қыздар), таэквандо, бокс, гимнастика, тоғызқұмалақ, волейбол секілді спорт секциялары мен тренажер залы және жүзу бассейні үздіксіз қызмет етуде. Университет студенттерінің және оқытушы-профессорлар мен қызметкерлерінің денсаулығын нығайту үшін және салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында жылына екі рет студенттер және оқытушы-профессорлар мен қызметкерлер арасында түрлі спорт түрлерінен спартакиадалар ұйымдастырылып тұрады.

Биылғы жылы алыс және жақын шетелдер мен Республикалық жарыстардан елеулі табыстарға қол жетті. Атап айтар болсақ, Астана қаласында Еркін Күрестен өткен Азия чемпионатында Усербаев Ғалымжан I орын иеленді. Ал, Ташкент қаласында дзюдо күресінен өткен Азия чемпионатында Хамза Дидар II орын иеленіп, XXXI жазғы Рио Олимпиадасына жолдама алды. Сондай-ақ, Усербаев Ғалымжан Рио олимпиадасына қатысып, еліміздің намысын қорғады. Индия мемлекетінде Дзюдо күресінен өткен Азия чемпионатында Султанбекова Салтанат жүлделі III-орын, Румыния мемлекетінде Самбо күресінен өткен Әлем чемпионатында Айдарбек Тоқтарбек III-орын, Түркия Республикасында студенттер арасындағы Еркін күрес спорт түрінен Әлем чемпионатында Аширов Мейіржан жеңімпаз атанды. Ресей Федерациясы, Санкт Петербург қаласында өткен жастар арасындағы Әлем чемпионатында Нұрмағанбет Бек II-орын иеленді. Ел мерейін асырған жастарымыз- оқу орнының мақтанышы. Спортты жаңына серік еткен жас спортшыларымыздың жеңісін ерқашан мақтан тұтамыз.

Болашақ бүгіннен басталады. Сол себепті оқу орны осы бағытты ердайым назардан тыс қалдырған емес.

**Ләззат ЕСЕНТАЕВА**  
Тәрбие және мәдени істер  
департаментінің директоры



Тәуелсіз Қазақстанның өз тарихы ерекше. 1991 жылы 16 желтоқсанда көк туымыз желбіреп, тәуелсіз ел атандық. Міне содан бері ширек ғасыр өтті. Тәуелсіздіктің көк туы желбіреп, қазақ халқы қырандай самғап, еркіндікте өз елін, өз жерім деп мақтанып шаттануда. Әрине бұл рас біздің көмеңгер елбасымыз Н.Назарбаевтың арқасы емес пе?! Менің елім басқа елдермен терезесі теңесіп қалыспай қарыштап дамып келе жатқан жас мемлекет.

ИНЖЕНЕРИЯ ФАКУЛЬТЕТІНІҢ  
ИГІ ІСТЕРІ

Елбасымыздың салалық саясатын нақты түсінген факультет деканы С.Тұртабаев, кафедра меңгерушілері Н.Орманов, Б.Қуатбеков, Г.Ниязовалар көрегенділікпен қатар білім мен мәдениетті ұштастырып, нақты жоспарлар құрып, жүзеге асыруды міндет етіп, қабылдап алған. «Басқадан кем болмау үшін біз білімді, бай нәсілді болуымыз керек. Білімді болу үшін оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Ал күшті болуға бірлік керек» деген А.Байтұрсынұлының дана сөзі факультетіміздің әр оқытушы-профессоры мен студенттердің көкірегінен орын алған.

Оқу саласында Қазақстанда тұратын барлық этностардың тілдерін сақтай отырып, қазақстандық біртектілік пен бірлікті нығайтудың аса маңызды факторы ретінде мемлекеттік тілдің кең ауқымды қолданысын қамтамасыз ететін үйлесімді тіл саясатының аясында университетімізде бірнеше ұлт өкілі оқып, білім алуда.

Қазіргі таңда әлемнің алпауыт мемлекеттері көп тілді, әсіресе халықаралық тілдерді меңгеруді маңызды міндет деп санайды. Сондықтан біз де өз халқымыздың қарыштап дамып, өркениеттен кенже қалмау үшін көп тілді меңгеруіміз қажет. Бұл заман талабынан туындап отырған қажеттілік. Себебі, бірнеше тілде еркін сөйлей де, жаз да білетін маман бәсекеге қабілетті тұлғаға айналатыны сөзсіз. Осы ретте, Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың: «Қазір біз балаларымыз қазақ тілімен қатар орыс және ағылшын тілдерін де белсенді меңгеру үшін жағдай жасауға шаралар қабылдап жатырмыз. Үштілділік мемлекеттік деңгейде ынталандырылуы керек», — деген болатын 2012 жылы 14 желтоқсандағы Жолдауында.

2016 жылдың жазында университетте ұйымдастырылған ағылшын тілі курсына факультет бойынша 10 ОПК қатысып, 7-і IELTS-тің сертификатын алды.

ҚР БҒМ «Жоғары оқу орындары және жоғары оқу орындарынан кейінгі білім беру мемлекеттік ұйымдары мамандарының біліктілігін жетілдіру және қайта даярлау» мақсатында ағылшын тілінен біліктілік артыру үшін факультет бойынша 9 оқытушы-профессорлары Қарағанды қаласына барып келді.

Оқу жетістіктерін сырттан бағалау нәтижесінде университет бойынша 5B011100-Информатика мамандығы II орын алды.

Өз мамандықтарын әрі қарай жетілдіру мақсатында «Жас энергетиктер» (жетекшісі Н.Мұхамеджанов), «Бағдарламалау технологиясы» (жетекшісі Н.Жүнісов), «AutoCAD» (жетекшісі

А.Жантаев), «Бағдарламалау» (жетекшісі Р.Садыбеков) үйірмелер жұмыс жасайды. Үйірмелердің мақсаттары айқын, жоспарларда нақты мәселелерді қамтиды.

Оқу мен тәрбиелеу мақсатында аянбай қызмет атқарып келе жатқан оқытушылар мен қызметкерлер құрамы «Ұлағатты ұстаз», «Ясауи» төсбелгілері мен «Университеттің 25 жылдығына» арналған атаулы медальдармен марапатталды.

Елбасы қашан да өзінің сөйлеген сөзінде асуы мол, белесі биік, сонымен қатар атқарылуға тиіс мақсат-міндеттерді алға тартады. Бұл міндеттер «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы мен «Нұрлы жол» бағдарламасынан бастау алатын 30 дамыған елдің қатарына қосылу межесіне бағытталған. Ұлт жоспары реформасына еліміздің әрбір азаматы тікелей атсалысуы қажет деп ойлаймын. Өйткені бұл реформа — тек үкіметтің ғана емес, жалпыхалықтық іс. 100 қадамның басты мәні ұлтты жаңғыртып, жаңартуды көздейді. Бүгінгі таңда ел игілігі жолындағы істерді еңсеруде «100 нақты қадам» — Ұлт жоспарының мәні мен маңызы айрықша. Бесинституционалдық реформаның өз дәрежесінде пайдаға асуы еліміздің биік белес-терге шығуына ықпал етеді. Қазақ қоғамының тұрақтылығын қамтамасыз етуде тұңғыш Президентіміздің жүргізіп отырған саясатын ердайым қолдаймын. Ұлт жоспары елдің бірлігі мен ынтымақтастығын одан әрі дамытып, өркендететін халықтық реформа болып саналады. Сондықтан мемлекет басшысы ұсынған 5 институционалдық реформа еліміздің бұдан былай да қарышты қадаммен алға басыуына септігін тигізеді сөзсіз.

Мемлекет басшысы: «Дәстүрлі энергетика - жаңартылатын энергия көздері» технологиялық теңгерімін сақтау қажет», ол ұлттық және халықаралық энергетикалық қауіпсіздік жүйесін стратегиялық жоспарлаудан көрінеді. Жоспарлаудың мақсаты басқа елдерге қатысты халықаралық міндеттемелерді орындауды қамтамасыз етуге және энергия өндіру құрылымын кезең-кезеңімен өзгерту есебінен өзіндік энергетикалық жеткіліктілікке кепілдік беру болып табылады.

Қазақстан Республикасының отын-энергетикалық кешенін дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы әлемдік озық тәжірибиені және әлемдік энергетика дамуының соңғы үрдістерін ескере отырып, мұнай-газ, көмір, атом және

электр энергиясы салаларын дамытуды бір тұтас байланыстырады.

Профессор Т.Қойшиевтің университеттің ішкі электр энергиясын қамтамасыз ету мақсатында ЗМБ күн фото электрлік станциясы жобасын Түркістан қалалық кәсіпкерлер ұйымына ұсынылып, жоба мақұлданып, облыстық эксперттен өтуде.

«EXPO-2017» жәрмеңкесіне қатысу үшін Оңтүстік аймақтық күн ресурсын потенциалын жинақтайтын бағдарлама қоры дайындалуда.

Ғылым саласында «Жаңғыртылған энергия көздері және энергия үнемдеу технологиялары» (жетекшісі, профессор Т.Қойшиев), «Жаратылыстану саласында процестерді моделдеу және интеллектуалдық ақпараттық бағдарламалық кешендерді жобалау» (жетекшісі, доцент А. Марасулов) атты бағыттармен факультеттегі оқытушы-профессорлар жұмыс жасауда.

Университетіміздің стратегиялық даму жоспарының индикативті көрсеткіштеріне сәйкес 52 дана оқу, оқу-әдістемелік құралдармен қоса, 70 ғылыми мақалалар мен ғылыми конференцияларға мақалар жіберді. Бұл көрсеткіштің өзі жетістігіміздің негізі деп білемін.

Жас ғалымдар арасындағы этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісіне арналған ғылыми жұмыстар байқауына оқытушы Н.Досанов қатысып, I орын иеленді.

Қасиетті Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық университеті еліміздегі ең алғашқы ашылған халықаралық жоғары оқу орны. Түркітілдес мемлекеттер арасында халықаралық мәртебеге ие болып отырған жалғыз білім ордасында бүгінде әлемнің 14 мемлекетінен келген қаншама ұлт пен ұлыстың өкілдері білім алуда. Оқу ордасында түрік халықтары жастарының бір шаңырақ астында толықанды білім алуына жан-жақты жағдай жасалған. Сондай-ақ, Қазақстан бойынша Халықаралық қазақ-түрік университетінде ғана Түркия тарапынан бөлінген білім гранттары негізінде тегін білім алуға мүмкіндік бар.

Ендеше, білімге құштар жастар, жарқын болашаққа қарай басқан қадамдары біздің университеттен бастау алсын!

**Толқын НАЗАРБЕК,**  
Компьютерлік ғылымдар  
кафедрасының оқытушысы



## УНИВЕРСИТЕТИМ - МАҚТАНЫШЫМ!

# САРҒАЙСА ДА ГАЗЕТТІҢ АҚ ПАРАҒЫ, ӨТКЕН КҮНДЕР ТАРИХ БОЛЫП САҚТАЛАДЫ




Түркия Республикасының Президенті Сүлейман Демирел Түркістан қаласына жасаған ресми сапарында 1994 жыл.



Университетіміздің алғашқы студенттері мен оқытушы-профессорлар құрамы. 1991 жыл.



Мемлекет басшысы Н.Назарбаев пен университеттің алғашқы ректоры М.Жұрынов



Мемлекет басшылары университетте құрылысы жаңадан басталатын, Қазақстан тарапынан салынатын 500 орындық жатақхана, Түркия тарапынан тұрғызылатын 500 орындық профессорлар офисінің жобалық макеттерімен танысты.

17 сәуір, 2015 жыл. Түркістан.



Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың университетке ресми сапармен келуі. 2001 жыл.



Түркі жастарының басын біріктірген оқу орны



Бірлігі бекем, татулықты ту еткен оқу ордасының білімгерлері



Түркия Республикасының Президенті Сүлейман Демирел Түркістан қаласына жасаған ресми сапарында Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің іргесін қалау шарасына қатысты. 1994 жыл.



Заман талабына сай салынған жатақханалар студенттер көңілінен шығады. Білімгерлер үшін есігін айқара ашқан жатақхана - жанға жайлы баспана.



Университеттің «Клиника - диагностикалық орталығы, 2006 жыл.



Ғылыми кітапхана - білімге бастар жол. 2015 жыл



Бас ғимарат 2009 жылы пайдалануға берілді.



## СҰХБАТ

**Нұрлан өзін басқарып отырған университеттің материалдық-техникалық, шаруашылық қызметтері жайлы айта кетсеңіз? Шаруашылық бөлімінде қандай жаңалықтар бар?**

Барлық оқу ғимараттары, жатақханалар, оқытушы профессорлардың тұрғын үйлері және олардың инженерлік жүйелерінің жылуы, ауыз су, техникалық суы, электр жарығы, байланыс жүйелерінің бірқалыпты жағдайда жұмыс істеуін ұйымдастыру техникалық департамент пен бірлесе отырып шаруашылық қызметтері және инфраструктуралық даму департаментінің міндетінде. Студенттердің алаңсыз білім алуы үшін қаншама қызметкерлер жұмыстар атқаруда. Сондай-ақ оқу, ғылым, зертханалық құрал-жабдықтар мен күнделікті қажетті кеңсе заттарымен университетті қамтамасыз ету де бізге жүктелген. 2016 жылы университетке қарасты бірнеше ғимараттарға ағымдағы жөндеу жүргізілді. Атап айтсақ, №1-2 жатақханалар ағымдағы жөндеуден өткізіліп, пайдалануға берілді. Қазыбек би көшесіндегі жатақхана құрылысы бітіп, студенттер игілігіне ұсынылды.

Ал техникалық қызметтері департаменті жоғарыда аталған университет оқу ғимараттары, жатақханалар және тағы да басқа нысандарға жылудың, ауыз су және техникалық судың, электр жарығының, ішкі және сыртқы телефон байланысының, автокөліктердің тоқтаусыз жұмыс істеуін ұйымдастырады және басшылыққа алады.

Сондай-ақ шаруашылық бөліміне қарасты Мемлекеттік сатып алу, жабдықтау және тамақтандыру бөлімдері бар. Университет бойынша барлығы 14 оқу ғимараты бар. Аталған ғимараттардың қауіпсіздігін қадағалап, оқытушы-профессорлар мен студенттерге жағдай жасау үшін барлық мүмкіндіктер қарастырылған. Шаруашылық қызметтері және инфраструктуралық даму департаментінің, техникалық қызметтері департаментінің қызметкерлерінен үлкен жауапкершілікпен қызмет атқаруды талап етумен қатар, жыл сайын ҚР Еңбек кодексінің еңбек қауіпсіздігі жөніндегі талаптарын орындау мақсатында, 1 ай көлемінде арнайы семинар өткізіліп, олардың білімдері тексеріліп отырады. Биыл өндірістік-шаруашылық ісі жөніндегі вице президентке қарасты департамент директорлары мен бөлім басшылары өрт техникалық минимум туралы сертификат пен кәуліп алуға оқытылып, білімдері тексерілді. Оған қоса университет президентінің 27.10.2016ж. №234 санды бұйрығы негізінде университеттің басшы қызметкерлер мен инженерлері «Еңбекті қорғау» жөнінде оқытылып, білімдері тексерілді.

Шаруашылық саласындағы ең негізгі міндет ішкі инфрақұрылымды дамыту, заман талабына сәйкес жүйелерді жаңартып отыру, үнемді технологияларды енгізу. Біздің университеттің даму стратегиясында көрсетілгендей шығындарды үнемдей отырып жұмыстар жасаудамыз. Стратегиялық жоспардың негізінде жылдық жоспар құрылады. Сала бойынша жұмыстар атқарылады. Энергия үнемдеушілікті басты назарда ұстай отырып, электр, жылу, су шығынын үнемдеп жұмсауды қарастырып отыр-



**Н.БАТЫРБАЕВ:**

**Университеттің өндірістік-шаруашылық ісі жөніндегі вице-президенті Нұрлан Батырбаевпен оқу орнымыздың материалдық-техникалық, қаржылық-шаруашылық қызметтері жайлы әңгімелескен едік.**

## «СТУДЕНТТЕРГЕ БАРЛЫҚ ЖАҒДАЙ ЖАСАЛҒАН»

Көгалдандырумен қатар университет қалашығының ішінде абаттандыру жұмыстарын да назарға алдық. Оқытушы-профессорлар құрамы, қызметкерлер, студенттер бос уақыттарында тынығып отыратын орындар, алаңқайлар жасауды жоспарлап отырмыз. Сондай-ақ университет қалашығына бас қападан бастап, жаяу жүргінші жолдары, автокөлік жолдары, ғимараттардың айналасы, жатақхананы қамтитын орталықтандырылған толық бейне бақылау жүйесін орнатуды көздеп отырмыз. Өкілетті кеңес те қолдау білдірді.

Көгалдандыру бөлімі жұмысшыларымен ректорат ғимараты мен жатақхана аралығындағы 6 гектар жердің 5,2 гектарына жоңышқа, 0,8 гектарына газон ұрығы себілді. Сонымен қоса ректорат ғимараты артындағы Муса Иылдыз аллеясына және ректорат алдына 600 түп раушан (роза) гүлі отырғызылды. Наурыз айында университет қалашығында барлығы 897 түп ағаш қазандық операторлары мен студенттердің күшімен отырғызылды. Егілген ағаштардың 288 түбі боз арша (туя), 9 түбі арша (можжевельник), 165 түбі қарағанды, 435 түбі өрік.

Сонымен қатар көгалдандыру бөлімінің жұмысшылары университет қалашығындағы ағаштарды кесу, қысқарту жұмыстарымен, олардың арасындағы су жүретін арықтарды аршып тазалау және жаңадан егілген ағаштардың аралықтарына су жүретін арықтар қазу жұмыстарымен, аршаға (можжевельник) түскен аршаның ақ ұнтақты сымырын (құрт) анықтау мен онымен күресу мақсатында университет маңындағы аршаларда 3-4 рет дәрілеу жұмыстарын жүргізумен және осы университет маңайындағы көгеріп тұрған ағаштар мен көгалдарды суғару жұмыстарымен айналысты. Аталған жұмыстардан басқа бүкіл жаз бойына осы университет маңайындағы көгалдарды және басқа да шөптерді ору және жинап тазарту жұмыстарын жүргізді.

**Жыл соңында Сенат мәжілісінде есеп бергенде алдағы уақытта жаңа құрылыстар бой-**

**көтеретіндігінен хабардар еткен едіңіз. Алдағы уақытта қандай жоспарларыңыз бар?**

Барлық су, канализация, жылу, электр, байланыс жүйелерінде жылдық жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізілуде. Ғимараттардағы, жатақханалардағы, тұрғын үйлердегі жылу жүйелері қажетті мерзімде тоқтаусыз талапқа сай жұмыс атқарды және жаз айларында қазандықтарға, дизель қондырғыларына профилактикалық жөндеу жұмыстары жүргізіліп, барлық жылу жүйелері қысыммен тексеріліп ақаулы бөлшектері қалпына келтірілді.

Алдағы уақытта университет оқу ғимараттары және басқа да нысандарының жылу жүйесін газбен жылытуға өткізу үшін жоба-сметалық құжаттарын жасатуды жоспарлап отырмыз.

500 орындық жатақхана, екі қабатты 8-пәтерлі 6-дана коттедж құрылысын салу жоспарлануда. Сондай-ақ №3 жатақхана ғимаратына күрделі жөндеу жүргізу, Мағжан қалашығында орналасқан коттеждердің сыртқы қасбеттеріне әрлеу жұмыстарын жүргізу мен ішкі жиһаздарын ауыстыру, Ботаникалық бақ ішінде сөрүендеу-сауығу, танысу тәжірибелік сабақтар жүргізу мақсатында

жаяу жүргінші жолын салу жоспарда бар.

**Жатақхананың жағдайы студенттер көңілінен шығып жатыр ма?**

Шаруашылық саласындағы қызметкерлер мен студенттер арасында тығыз байланыс орнатылған. Тиісті мамандар жұмыстар атқарады. Студенттермен кездесіп, пікірлесіп отырады. Жатақханадағы студенттерге қосымша кезекшілік ұйымдастырамыз. Студенттердің талап-тілектерін, ұсыныстарын мүмкіндігінше ескеріп, орындауға тырысамыз. Студенттерге қолдан келгенше жағдай жасаудамыз. Білімгерлер тарапынан кейде артық талаптар да қойылып жатады. Мысалы, №1-2 жатақханаларға 24 сағат бойына аптасына 7 күн ыстық су берілсе дейді. Бұны орындау мүмкін емес. Бұрынғы жылдарда аптасына 1-2 рет ыстық су берілген. Қазір барлық мүмкіндіктерді пайдалана отырып, аптасына 3 рет 24 сағат ыстық су беріп отырмыз. Оған қосымша әр жатақханада үздіксіз жылы су берілетін бөлмені дайындадық.

Университетте студенттерді тамақтандыруға арналған 400 орындық орталық асхана және басқа ғимараттарда орналасқан 4 асхана мен 14 бұфет жұмыс жасайды.

Университеттің орталық асханасында студенттерге арзандатылған бағамен тамақ беріледі. Тұл жетім, спортшы, өнерлі студенттерді орталық асханадан тегін тамақтандыру қарастырылған. Сондай-ақ, 24 тұл жетім студенттерге 2014 жылдан бастап құны күнделігіне 700 тенгені құрайтын жәрдем беру мақсатында университет тарапынан талонмен тегін тамақ беріледі. Соммасы 1 айға 504 000 тенгені құрайды.

**Сұхбатыңызға рахмет!**

**Әңгімелескен: Жанар БЕЙСЕНБАЕВА**

## БАБЫНДА ЖҮРГЕН ҚАРТ БАПКЕР

**Тоғызқұмалақ – зияткерлік ойындардың бірі. Тарихы тым әріден басталған ойынды сайын даланың сардарлары ойнаған. Тоғызқұмалақ ойыны арнайы тақтада екі адам арасында ойналады. Ойын тақтасы – екі қазан, он сегіз отау, жүз алпыс екі құмалақтан тұрады. Ойын басында әр ойыншыға бір қазан, тоғыз отауға тоғыз-тоғыздан салынған сексен бір құмалақ тиесілі. Алғашқы жүріс жасаған ойыншыны – бастаушы, қарымта жүріс жасаған ойыншыны қостаушы деп атайды.**

Тоғызқұмалақ ойыны десе - тоғызқұмалақтан мемлекеттік жаттықтырушы Мақсат Шотаев еске түседі. Бұл жігіт біздің университеттің түлегі. Оқу ордамызда білім алып жүргенде, Жақсылық Тұрғанбаевтың шәкірті атанған. Жақсылық Тұрғанбаев кім дейсіз бе? Университеттің жыл сайын ұйымдастыратын оқытушы-профессорлар мен қызметкерлері арасында факультет аралық спартакиадасы жүріп жатқан. Осы сайыстың тізімінде тоғызқұмалақ, дойбы, шахмат ойындары да бар. Дойбы ойынына қатысуға барған сәтінде ойыншылар арасынан жасы жетпіс бесті алқымдаған ақсақалды көрдім. Қарасам тоғызқұмалақтан талай дода-дәрежелілік қырынан танылып жүрген Жақсылық Тұрғанбаев екен. Спорт саңлағын әңгімеге тарту үшін, ойынның аяқтауын күттім. Бұл кісіні бабында жүрген қарт бапкер дегім келеді. Әңгіме былай басталды.

**- Жақсылық аға сіз тоғызқұмалақ ойынын қашан, қалай үйрендіңіз?**

- Сенсеңіз, мен бұл ойынды қырық жасыма үйрендім. Кен-

